

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

Жакупова К.Б.

Журнал өнімін шығаратын баспахананың басу және басудан кейінгі
процесінің технологиялық бөлімін жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072200 – Полиграфия мамандығы


Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
КТ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. д-ры, профессор
 Машеков С.А.
« 22 » 05 2019 ж.


Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Журнал өнімін шығаратын баспахананың басу және басудан
кейінгі процессінің технологиялық бөлімін жобалау»

5В072200 – Полиграфия

Орындаған

Жакупова К.Б.

Ғылыми жетекші
КТ кафедрасының х.ғ.к.,
доцент, акад. профессор
 Ж.Е.Ибраева
« ____ » ____ 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

5B072200 – Полиграфия

БЕКІТЕМІН

КТ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. д-ры, профессор

 Машеков С.А.
« 21 » 11 2018 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Жакупова Камила Бүркітқызы
Тақырыбы «Журнал өнімін шығаратын баспахананың басу және басудан кейінгі процессінің технологиялық бөлімін жобалау»
Университет басшысының №1252-б «06» қарама 2018 ж бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «23» мамыр 2019 ж
Дипломдық жобаның бастапқы тапсырмалары: журнал 1: ф.60×84/8, көлемі 16 ф.б.т., таралымы 5000, атау саны 10, мерзімділігі 6, бояулығы 4+4; журнал 2: ф.60×90/16, көлемі 18 ф.б.т., таралымы 8000, атау саны 18, мерзімділігі 6, бояулығы 4+4; журнал 3: ф.70×90/16, көлемі 4 ф.б.т., таралымы 3000, атау саны 18, мерзімділігі 12, бояулығы 4+4; журнал 4: ф.70×100/16, көлемі 8 ф.б.т., таралымы 4000, атау саны 15, мерзімділігі 12, бояулығы 4+4

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) технологиялық бөлім;

б) қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі;

в) экономикалық бөлім

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):
технологиялық сұлба, жүктер ағымы, цехтың жоспары, эвакуациялық жолдар, бас жоспар, техника-экономикалық көрсеткіштері

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атау

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Технологиялық бөлім	15.01.-01.03.2019	
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі	01.03.-20.03.2019	
Экономикалық бөлім	26.03.-30.04.2019	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен ереже бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтанбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	Ж.Е.Ибраева хим.ғыл.кан., КТ кафедрасының, доцент, қауымдастығының профессоры		
Ереже бақылау	Ж.Ж. Толыбаева лектор, КТ кафедрасы	22.05.19	<i>Толыбаева</i>

Ғылыми жетекшісі

Ж.Е.Ибраева Ж.Е.Ибраева

Тапсырманы орындауға білім алушы

_____ К.Б.Жакупова

Күні

«15» _____ 11 2019 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жобада мерзімді басылым – журнал өнімін шығаратын баспахананың басу және басудан кейінгі цехтарының технологиялық бөлімі жобаланған.

Дипломдық жоба келесі бөлімдерден тұрады:

- технологиялық бөлім;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау;
- экономикалық бөлім;
- графикалық бөлім.

Технологиялық бөлімде басу және басудан кейінгі процестер қарастырылады. Бөлімде басылымның технологиялық сұлбасы, басылымның жылдық жүктемесінің есептеулері, қажетті жабдық санының есептеулері, қажетті материалдар шығыны, өндірістегі жұмысшылар саны, цехтың ауданы, цехтағы энергия шығындары көрсетілген.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімінде жұмысшылардың еңбек жағдайының қауіпсіздігі және полиграфиялық өндірісте кездесетін адам денсаулығына зиянды жәйттарды келтіріліп, олардан сақтану шаралары қарастырылған.

Экономикалық бөлімінде өндірістің тиімділігін және өнімнің өз құнын шығару есептеулері келтірілген.

Дипломдық жобаның графикалық бөлімі келесі сызулармен көрсетілген:

- журнал өнімін дайындайтын технологиялық сұлба;
- жабдықтардың жобалануы;
- жүктер ағымы;
- эвакуация жоспары;
- бас жоспар;
- техника-экономикалық көрсеткіштер.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте разрабатываются технологические части типографии печатного и послепечатного цеха по выпуску периодических изданий - журнальной продукции.

Дипломный проект состоит из следующих разделов:

- технологический отдел;
- безопасности и охраны труда;
- экономический отдел;
- графическая часть.

В технологическом разделе рассматриваются печатные и послепечатные цеха. Указана технологическая схема издания, расчеты годовой нагрузки издания, расчеты количества необходимого оборудования, расход материалов необходимых в производстве, численность работников на производстве, площадь цеха, расход энергии цеха.

В разделе охраны труда рассмотрены вредные моменты производства на здоровье человека и их пути предохранения от них, а также безопасности условий труда рабочего персонала.

В разделе экономической части приведены расчеты стоимости и экономической эффективности производства, выпуска продукции.

Графическая часть дипломного проекта представлена чертежами:

- технологическая схема изготовления журнальной продукции;
- проектирование оборудования;
- грузопоток;
- план эвакуации;
- генеральный план;
- технико-экономические показатели.

THE SUMMARY

The diploma project features a periodic edition - technological department of printing press and post-production shops of magazines production.

The Diploma Project consists of the following parts:

- technological department;
- health and safety;
- economic department;
- graphic part.

Technological section reviews the processes after pressing and posting. The section includes the technological scheme of the edition, the annual load calculation, the number of necessary equipment, the cost of the necessary materials, the number of workers in the production, the shop area, energy costs in the shop.

The department of safety and labor protection provides for the prevention and protection of harmful substances and health of workers in labor safety and polygraphic production.

The economic section provides calculations of production efficiency and product cost estimation.

The graphic section of the diploma project is shown in the following drawings:

- Technological scheme of journal production;
- equipment design;
- traffic flow;
- evacuation plan;
- master plan;
- technical and economic indicators.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	8
1 Технологиялық бөлім	9
1.1 Басылымның техникалық сипаттамасы	9
1.2 Жобаланатын кәсіпорынның құрылымы	11
1.3 Басу әдісін таңдау	
1.4 Басу цехы	13
1.4.1 Басу цехының технологиялық сұлбасы	13
1.4.2 Жобаланатын технологиялық процесті талдау және негіздеу	14
1.4.3 Басу жабдығын таңдау	15
1.4.5 Негізгі материал санын анықтау	17
1.5 Басудан кейінгі цех	27
1.6 Қойма шаруашылығы	29
2 Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі	43
3 Экономикалық бөлім	45
Қорытынды	57
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	58
Қосымша	

КІРІСПЕ

Полиграфия саласы қазіргі кезде көп сұранысқа ие. Оның қарқынды дамып келе жатқаны соншалық полиграфия қызметін қолданбайтын бір жер жоқ.

Дипломдық жобаның мақсаты: журнал өнімін шығаратын баспахананың басу және басудан кейінгі цехтарының технологиялық бөлімін жобалау. Басылымды тиімді басу әдісімен басып шығару болып табылады.

Жобаланатын басылым үшін офсеттік басу әдісі таңдалған. Қазіргі таңда полиграфияда офсеттік басылым – баспа өндірісін дамытудағы жетекші бағыттардың бірі. Офсеттік басылыммен бір және көпбояулы өнімдерді басуға болады. Бұл басылымда басу бетіне бояуды өте жұқа етіп жағады. Офсеттік әдістің жанама әдістермен салыстырғандағы техникалық ерекшелігі, бейненің формадан басылым материалына өту кезінде жазық форма мен басу процесінде ылғалдау ерітіндісі пайдаланылады. Офсеттік басу әдісінің артықшылығы: түрлі өнімді басу кезіндегі жоғарғы экономикалық тиімділігі, өндірістік айналымды қысқарту мүмкіндігі, формалық өндірісті автоматтандыру мүмкіндігі, басылым формасының жеңілдігі және қарапайымдылығы, түзету жеңілдігі. Офсеттік басылым келешегі бар және негізгі басылымдардың бірі болып саналады. Офсетті басу әдісін таңдау себебім, ол мынандай ерекшеліктермен ерекшелінеді, яғни тиімділігі жағынан, басу формасының жоғарылығы жағынан материал шығынының аз жұмсалуды жағынан өте тиімді болып келеді. Сонымен қатар, әр таңба басу таңбасымен реңді түстері анық беріледі және түстің ассортименттерін кеңінен қолданып шығаруға мүмкіндік зор.

Баспаханада алдымен басылатын өнімге техникалық сипаттама жасалынып, одан кейін орындалатын процестерге талдау орын алады. Қолданылатын жабдықтар таңдалып, олардың саны, кететін қажетті материалдардың шығыны анықталады.

Дипломдық жобаның соңғы бөлімдерінде бүкіл өндірісті жақсарту жөніндегі мәселелер қаралған. Полиграфиялық өнімдер шығару кезіндегі еңбек қиындығын төмендету, қолмен істелетін және физикалық ауыр операциялардың санын азайту қарастырылады. Толығымен өзіндік құн, таза пайда, еңбек өнімділігі, негізгі қор және жабдық тиімділігі, олардың техника-экономикалық көрсеткіштері ескеріліп, баспахананың жобалануы бағаланады.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Басылымның техникалық сипаттамалары

Бұл дипломдық жобада мерзімді басылым журнал өнімін шығаратын баспахана жобаланған. Басылымның техникалық сипаттамалары 1-кестеде көрсетілген.

1Кесте – Басылымның техникалық сипаттамалары


№	Көрсеткіштердің атауы және сипатталуы	Техникалық көрсеткіштер			
		I басылым	II басылым	III басылым	IV басылым
1	2	3	4	5	6
1	Жобалауының мақсаты	Журнал өнімдерін басуға арналған баспаханың басу және басудан кейінгі процесінің технологиялық бөлімін жобалау			
2	Жұмыстың ауысым режимі	I	I	I	I
Технологиялық көрсеткіштер					
3	Басылымның түрі	Журнал	Журнал	Журнал	Журнал
4	Өндіріске келетін басылым түпнұсқасының түрі	Мәтін-doc Бейне-jpeg	Мәтін-doc Бейне-jpeg	Мәтін-doc Бейне-jpeg	Мәтін-doc Бейне-jpeg
5	Басылымның негізгі бөлімінің, қосымша бөлшектерінің басу түрі	Офсеттік	Офсеттік	Офсеттік	Офсеттік
6	Басу жұмысының күрделілік тобы және бейнелердің түрі	Растрлық бейне 85%	Растрлық бейне 70%	Растрлық бейне 75%	Растрлық бейне 80%
7	Басылымның бояулығы	4+4	4+4	4+4	4+4
8	Мұқабаның бояулығы	4+4	4+4	4+4	4+4
9	Басылымның негізгі бөлігін өңдеу түрі	Сыртқы қабын пленкамен желімдеу	Сыртқы қабын пленкамен желімдеу	Сыртқы қабын пленкамен желімдеу	Сыртқы қабын пленкамен желімдеу
10	Жылдық басылымның атау саны	10	18	30	15
11	Жылына бір басылымның шығу саны, мерзімділігі	6	6	12	12
12	Басылымның орташа таралымы, мың дана	5,0	8,0	3,0	4,0
13	Жылына шығарылатын өнім саны	1500,0	864,0	720,0	720,0
14	Басылымның форматы	60×84	60×90	70×90	70×100
15	Табақтың бөлшегі	8	8	16	16
16	Блок көлемі:				

1-кестенің жалғасы

№	Көрсеткіштердің атауы және сипатталуы	Техникалық көрсеткіштер			
		I басылым	II басылым	III басылым	IV басылым
1	2	3	4	5	6
17	Басылымның көлемі: физикалық баспа табақта шартты баспа табақта қағаз табақта парақтарда	16 14,8 8 128	18 18 9 144	4 4,8 2 64	8 9,6 4 128
18	Дәптер саны (толық және толық емес)	8 дәптер	9 дәптер	2 дәптер	4 дәптер
19	Бір дәптерде бет саны	8 дөп-16 бет	9 дөп-16 бет	2 дөп-32 бет	4 дөп-32 бет
20	Табақтарды бүктеу түрі	Перпендикуляр	Перпендикуляр	Перпендикуляр	Перпендикуляр
21	Безендіру түрі	Екінші	Екінші	Екінші	Екінші
22	Теру беттерінің өлшемдері, кв	$12^{1/4} \times 17^{1/4}$	$12^{1/4} \times 17^{1/4}$	$9^{1/4} \times 14^{1/4} 2$ п	$9^{1/4} \times 14^{1/4} 2$ п
23	Шрифт гарнитурасы: негізгі мәтін қосымша мәтін	Georgia	Georgia	Georgia	Georgia
24	Шрифт кеглі: негізгі мәтін кеглі,п қосымша мәтін кеглі,п	12 12	12 12	12 12	12 12п
25	Бөліп тұратын шрифт	24	36	48	24
26	Бейне	түрлі-түсті	түрлі-түсті	түрлі-түсті	түрлі-түсті
27	Басуға арналған қағаз (түрі, номер, марка, массасы)	Офсеттік 80 г/м ²	Офсеттік 80 г/м ²	Офсеттік 70 г/м ²	Офсеттік 60 г/м ²
28	Блоктарды жинақтау әдісі	Бірінің үстіне бірін қойып	Бірінің үстіне бірін қойып	Бірінің ішіне бірін кигізіп	Бірінің ішіне бірін кигізіп
29	Басылымның бекіту түрі	Тікпей желім	Тікпей желім	Сыммен	Сыммен
30	Түбін берік қылатын элементтердің бар болуы, түрі және сипатталуы	Терможелім	Терможелім	Сыммен бекіту	Сыммен бекіту
31	Мұқабаның түрі және түптеу қабының түрі	№ 3	№ 3	№ 1	№ 1

1.2 Жобаланатын кәсіпорынның құрылымы

Жобаланатын кәсіпорынның құрылымы 1-суретте көрсетілген.



1 Сурет – Жобаланатын кәсіпорынның құрылымы

1.3 Басу әдісін таңдау

Басу әдісін таңдауда біріншіден басылым түріне, полиграфиялық сапа шарттарын орындау талаптарына, басылымның шығу мерзіміне, таралымына, өндірістің технологиялық мүмкіндіктеріне көңіл бөлу керек.

Қазіргі таңда полиграфияда офсеттік басылыс – баспа өндірісін дамытудағы жетекші бағыттардың бірі. Офсеттік басылыс баспа өнімдерін (кітаптарды, газет, журналдарды, репродукцияларды т.б.) және өнеркәсіп өнімдерін (жапсырмалар, орамалар, қаптамалар) қысқа мерзімде және жоғарғы сапалық деңгейде бейнелеу және түрлі-түсті бояумен кез келген күрделі өнімдерді басып шығаруға мүмкіндік беретін жаңа техника мен технологияны қолдандың арқасында ғана мүмкін болды. Офсеттік басу әдісін 1906 жылы американдық А. Рубел және неміс К. Герман ойлап тапқан. Полиграфияның жалпы міндеті кез келген графикалық бейнелерді көбейтудің дәлдігі мен нақтылығында, шығарылатын өнімдердің жоғарғы сапалылығын, басу жылдамдығын арттыруды, көрсетілетін қызметтердің шегін ұлғайтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қазіргі офсеттік технологиялар бұл талаптарға толық сәйкес келеді. Сондықтанда нарықта әлі күнге дейін дес бермей келе жатқан басты себебінің бірі осы дәлділігі мен кез келген түстерді сапалы түрде шығару мүмкіндігінің жоғары дәрежесінде.

Қазіргі кезеңде офсеттік басу әдісін пайдаланатын өндірістің технологиясы мен техникасы бұл талаптарды толығымен қанағаттандырады деуге болады. Сонымен қатар, офсеттік басу әдісін жоғары көркем өнімдерін басатын түрлі кәсіпорындарға жобалауға болады. Жобаланған басылым үшін офсеттік басу әдісін пайдалану тиімді. Сандық басылымның қасында әрине өнімді басу жылдамдығы жағынан жол бергенімен сапасы жағынан түсті шығару жағынан бірде бір басу әдісіне жо берген емес. Осы жобада таңдалған себебі де сол[1].

1.4 Басу цехы

1.4.1 Басу цехының технологиялық сұлбасы

Басу цехының технологиялық сұлбасы 2-суретте көрсетілген.



2 Сурет – Басу цехының технологиялық сұлбасы

1.4.2 Жобаланатын технологиялық процесті талдау және негіздеу

Таңба алу үшін офсеттік машина бөлшектерінің техникалық жақсы жұмысқа даярлығы ғана емес, физика-химиялық және физика-механикалық шарттарды сақтау негізінде жатыр. Таралым басар алдында офсеттік машинаны оған дайындайды.

Қағазды басуға даярлау. Қағазды басуға даярлау кесуден, көндіктіруден, ішкі қысымдардан босатудан, форматы бойынша кесуден және басу цехына беруден тұрады. Қағазды белгілі форматқа көлденең кесу жұмысын арнайы қағаз кесетін машиналарда жүргізіледі. Сонан соң қағаз табақтарын сапасы бойынша іріктеп сорттайды және штабельге салады да, ол жерде қағаз белгілі бір уақыт жатады. Мұнан кейін қағазды акклиматизациялайды, өйткені офсеттік қағазды басуға дайындағанда бұл жұмысқа ерекше рөл атқарады. Цехтың ауасының температурасы жазда 23-25°C, қыста 18-23°C болу керек. Ауаның ылғалдылығы 45-65% болу шарт. Акклиматизация процесі 2-24 сағатқа дейін созылады.

Бояуды басуға даярлау. Бояуды басуға әзірлеуге келесі негізгі операциялар кіреді: шкалалық таңбалар, эталондарға және түпнұсқаға сәйкес түс бойынша бояуды таңдау немесе құрастыру, басудың белгілі бір жылдамдығы кезінде берілген жабдықта басу процессінде олардан бояудың әрекеті тәуелді құрылымдық-механикалық қасиеттерді белгілеу, ең алдымен таңбада бояудың бекітілуіне ықпал жасайтын бояудың физикалық-химиялық қасиеттерін дәлдеп түзеу. Басылым бояуларында цех ауасына бейімдендірген абзал.

Басу аппаратын дайындау. Басу аппаратын басуға дайындағанда бірінші декельдің жұмысқа даярлығын тексеру керек. Көтерілген жерлері, сызықтары, механикалық зақымдары жоқ екенін тексереді. Егер декельдің жарамсыздығы байқалса офсеттік машинаға тиісті құжаттық ережеге сәйкес оны ауыстыру керек. Егер декельді пайдалану талаптарына сай келсе, оны майлы байланыстырғыштарды кетіретін арнайы ерітіндімен декельдің бетін жуу қажет. Сосын оны құрғатып сүртеміз. Таңбаны басу кезінде алдымен басылым формасын орналастырады. Басылым формасын дайындау дегеніміз үстін майда тазалау. Полиграфия машиналарында басылым формасы арнайы ілмесі бар планкқа ілінеді: бір ұшы қозғалмалы, ал екінші ұшы қозғалусыз және серіппелі қақпақпен тартылады. Басу цилиндрін даярлау қызметіне, ұстағыш механизмінің жұмысын тексеру және миллиметрдегі қағаз көлемінің қалыңдығына байланысты офсеттік және баспа цилиндрлерінің арасында қысымды реттеу кіреді.

Басылым аппаратының мақсаты: формадағы бейнені қысым арқылы қағазға немесе басқа басылым материалдарына түсіру.

Ылғалдау аппаратын дайындау. Ылғалдау аппараты басу процессінде форманың ашық элементтерін біркелкі минимальды, бірақ жеткілікті ылғалдауды қамтамасыз етуі керек.

Алдымен біліктерді тексеріп жөнге келтіру керек, күні бұрын тазаланған астауға дукторлық цилиндрді орналастырады. Сосын төменгісінен бастап жағатын біліктерді, мұнан соң жаймалайтын цилиндрді қондырады да, төменгі біліктің формаға және цилиндрге қысылу күші мен біркелкілігін бақылайды. Бұдан әрі жағу біліктерін жоғарғы біліке орналастырып, оны да формаға және жағып басатын цилиндрге реттеп қондырады. Ылғалдайтын біліктерді алып беретін дукторлық және жаймалағыш цилиндрлерге, сондай-ақ жағу, дымқылдау біліктерінің формаға және жаймалағыш цилиндрге қысылуы біркелкі және бүкіл ұзындығы бойынша бірқалыпты болатындай етіп ретке салады. Біліктерінің қысылуының дәрежесі мен бір қалыптылығын бірнеше бөлімдерде шуптердің, қалыңдығы 0,1-0,2 мм майланған қағаз тілкемінің көмегімен тексереді. Жағу біліктерінің формаға қысылуы олардың илеу цилиндріне қысылуымен салыстырғанда, біршама дайын болуы керек.

Ылғалдау ерітіндісі дегеніміз-аз қышқылды немесе әлсіз сілтілі электролит. Ылғалдау ерітіндісі құрамына байланысты басу форманың гидрофильдік қасиеті, таралым төзімділігі өзгеріп отырады. Басу процесіндегі форма бетіндегі ылғалдау ерітіндінің пленкасы форманың қасиетіне байланысты белгілі бір қалыңдықта бөлу қажет.

Монометалды басу формасы үшін қалыңдығы 2 мкм. Ал ылғалдау температурасы $t_{\text{ыл.е}}=12-14^{\circ}\text{C}$.

Ылғалдау ерітіндісінің негізгі көрсеткіштерінің біріне қышқылдығы рН жатады.

Сутегі көрсеткіші (рН)- ерітіндідегі сутек иондарының концентрациясын сипаттау көрсеткіші, яғни сілтілік немесе қышқылдық көрсеткіші. рН көрсеткіші 0-14 өзгеруі мүмкін. Егер рН=7 болса, бейтарап деп аталады. рН>7 қышқыл, рН<7 негізгі сілтілі. Ең тиімді рН=4,8-5,5.

Бояу аппаратын дайындау. Бояу аппараты таралым басудың бүкіл процесі бойы форманың басатын элементтеріне бояуды бірқалыпты берудің қамтамасыз етеді. Бояу аппаратын жұмысқа дайындағанда басылым аппаратының біліктері мен цилиндрларының жұмысқа жарамдылығын тексеріп, өз ұяшықтарына орналастыру керек. Бұларды орналастырған кезде төменнен бастап қондырылады. Бояу жәшігіне бояуды салып оны реттегіш винттер арқылы реттейді. Машинаны жалпы жұмысқа дайындап болғаннан кейін таралым басар алдында ең алғашқы басылым бақылау таңба алу керек.

Бақылау таңбасы дегеніміз – бояуы қанық түсірілген бейне түзу түскен басылым табағы, яғни бақылау таңбасына қарап басқа бейнелердің дұрыс басылуын қадағалаймыз[2].

1.4.3 Басу жабдығын таңдау

Басу жабдығын таңдауда ең маңызды болып табылатын оның түрі және өлшемі. Сонымен қатар, машина таңдауда қазіргі кездегі нәтижелеріне көңіл бөлген жөн және де ол автоматтандырылған, экономикалық жағынан тиімді, өнім сапасын жақсарта отырып еңбек шарттарына сай келуі керек [3].

КВА Rapida 105-4+L машинасы жоғары деңгейде автоматталған, кітап, журнал, брошюра, анықтамалық және т.б. полиграфиялық өнімдерді шығаруда қолданылады. КВА Rapida 105-4+L машинасы – жоғары сапалы, офсеттік басылым материалдарын шығару мүмкіндігі бар. КВА Rapida 105-4+L офсеттік табақты басу машинасының техникалық сипаттамасы 2-кестеде көрсетілген [4].

2 Кесте – КВА Rapida 105-4+L офсеттік табақты басу машинасының техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамасы	Көрсеткіштері
Макс/мин. формат парақ, мм	(720×1050/740×1050)/(360×520/350×500)
Басу форматы, мм	710×1030/730×1030
Мин./макс. өнім, парақ сағ, басу секциясына дейін	13000/15000
Жапсырылған материал, стандарт	40г /м ² -тан 0,2 мм қалыңдық аралығы
Қатырма үшін жабдықталу	800 г/м ² -тан 1,2 мм қалыңдық аралығы
Самонаклад, мм	1300
Қабылдауы, мм	1300
Форма өлшемі	795×1050
Габариты, мм	9900×4030×2280
Қуаты, кВт	98

Кесу машинасы. IDEAL 5221-05 EP DIGICUT кесу машинасында гидравликалық қысыммен жұмыс жасайды. Машина ыңғайлы және 10 батырмалы басқарма тетігі бар, қолдануға жеңіл, дискретті индикторы бар, мм-ден дюймге ауысады, өлшеу қадамы – 0,1 мм не-есе 0,001 дюйм болатын және басқарма тетігі арқылы ауысымды механикамен қоса автоматты түрде де басқаруға болады. Ideal 5221-05 EP DIGICUT Кесу машинасының техникалық сипаттамасы 3-кестеде көрсетілген [4].

3 Кесте – Ideal 5221-05 EP DIGICUT Кесу машинасының техника-лық сипаттамасы

Техникалық сипаттамасы	Көрсеткіштері
Кесу ұзындығы, мм	520
Табан ұзындығы, мм	80
Үстелдің тереңдігі, мм	520
Кескіштің оптикалық индикациясы	Ия
Жүзді іске қосу	Электрлі
Табан қысымы	Гидравликалық
Габариті, мм	1560×1265/1085×855
Электрлі қуаттандыру, В/Гц/кВт	230/50/1,6
Өнімділігі	10000
Салмағы, кг	325

1.4.4 Басу цехының негізгі материалдарын таңдау

Басылымға қағаз таңдау. Қағаз – бұл арнайы өңдеуден өткен өсімдік талшықтарынан құралған материал. Қағазды дұрыс таңдау, оны басуға дайындау және сақталу жағдайының дұрыс болуы өнім сапасына тікелей әсер етеді. Дипломдық жобада, журнал өнімін шығару үшін, негізгі мәтінді басуға екі жағы да борланған массасы Amber Graphic офсетті қағазы таңдалды. Бұл қағаз жоғарыда айтылған барлық талаптар мен технологияларға сәйкес келеді. Amber Graphic офсетті қағазы таза целлюлозалы, көп функционалды жоғары ақтылыққа ие қағаз. Офсетті басудың ақ-қара және түрлі-түсті басу әдісіне сәйкес келеді. Кітап, журнал, сөздіктер және басқа да өнімдер басуға қолданылады. Шығару фирмасы: Arctic Paper (Польша). Қағаздың көрсеткіштері: массасы 80 г/м², ақтығы 80 %, тегістігі 130 С, ылғалдылығы 5-7%, PH = 6, жабысу дәрежесі 1,25-1,75 мм, күлділігі 10-14 %.

Мұқабалық қағазды таңдау. Мұқабаларды дайындау үшін арнайы мұқабалық қағаз қолданылады. Мұқабалық қағаз ақ немесе түрлі түсті болып келеді. Жобаға А маркалы 60% сульфид-тік мұқабалық қағаз таңдалды.

Басылымға бояуды таңдау. Полиграфиялық бояу – пигмент (дисперсті фаза) пен байланыстырғыштан (дисперстік орта) тұратын коллоидты жүйе. Пигмент басуға қажетті түс береді, ал байланыстырғыш қағаз бетінде пигментті кептіреді, бояуға басу қасиеттерін береді, яғни бояу білікшелерінде жаймалануын, басу формасы бетіне жұқа қабатпен жағылып, басу цилиндрінің қысымы арқылы формалық немесе офсеттік цилиндрінен қағаз бетіне түсу қабілетін береді. Өніміді басып шығару үшін «Сісра» фирмасы шығаратын бояуды таңдалды [5].

1.4.5 Негізгі материал санын анықтау

Мұқабалық қағаздың шығынын анықтау

Журнал I. Басылымның форматы, см: 60×84¹/₈; баспа табақ көлемі: V= 1 ф.б.т; таралым: T = 5000 дана; атау саны: A = 10; мерзімділігі: 6; мұқаба қалыңдығы: g =120 г/м².

1) Басылым форматын анықтаймыз:

$$(60/2) \times (84/4) = 30 \times 21 \text{ см};$$

2) Мұқаба форматы: 30×21 см

Форматы 60×84 см бір табактан қанша мұқаба шығатынын анықтайық.

$$60/30 = 2; 84/21 = 4; 2 \times 4 = 8 \text{ мұқаба.}$$

$$5000/8 = 625 \text{ табак мұқабалық қағаз жұмсалады.}$$

3) Мұқабалық қағаздың шығыны (1) теңдеуде көрсетілген:

$$Q = a \cdot b \cdot g \cdot V \cdot T \cdot A \cdot M \cdot K / 8, \quad (1)$$

мұндағы Q – қағаз саны, кг;

а және в – қағаз парағының өлшемдері;
 q – қағаз салмағы 1 м²;
 V – басылымның физикалық баспа табақ көлемі;
 K – қағаз шығынының коэффициенті, (4,7%).

Шешуі: $Q = 0,6 \times 0,84 \times 120 \times 1 \times 10 \times 6 \times 5000 / 8 = 2268$ кг

$2268 \times 4,5\% = 102$; $2268 + 102 = 2370$

1 кг қағаздың бағасы – 380 тг; 2370 мың тг \times 380 тг = **900,6 мың тг**

Журнал II. Басылымның форматы, см: $60 \times 90^{1/8}$; баспа табақ көлемі: $V = 1$ ф.б.т; таралым: $T = 8000$ дана; атау саны: $A = 18$; мерзімділігі: 6; мұқаба қалыңдығы: $g = 120$ г/м².

1) Басылым форматын анықтаймыз:

$(60/2) \times (90/4) = 30 \times 22,5$ см

2) Мұқаба форматы: $30 \times 22,5$ см

Форматы 60×90 см бір табактан қанша мұқаба шығатынын анықтайық.

$60/30 = 2$; $84/22,5 = 3,7$; $2 \times 3,7 = 7,4$ мұқаба.

$8000/7,4 = 1081$ табак мұқабалық қағаз жұмсалады.

3) Мұқабалық қағаздың шығыны (2) теңдеуде көрсетілген:

$$Q = a \cdot b \cdot g \cdot V \cdot T \cdot A \cdot M \cdot K / 7,4, \quad (2)$$

мұндағы Q – қағаз саны, кг;

а және в – қағаз парағының өлшемдері;

q – қағаз салмағы 1 м²;

V – басылымның физикалық баспа табақ көлемі;

K – қағаз шығынының коэффициенті, (4,7%).

Шешуі: $Q = 0,6 \times 0,9 \times 120 \times 1 \times 18 \times 6 \times 8000 / 7,4 = 7565$ кг

$7565 \times 4,7\% = 356$; $7565 + 356 = 7921$

1 кг қағаздың бағасы – 380 тг ; 7921 мың тг \times 380 тг = **3010 мың тг**

Журнал III. Басылымның форматы, см: $70 \times 90_{1/16}$; Баспа табақ көлемі: $V = 1$ ф.б.т; таралым: $T = 3000$ дана; атау саны: $A = 30$; мерзімділігі: 12; мұқаба қалыңдығы: $g = 120$ г/м².

1) Басылым форматын анықтаймыз:

$(70/2) \times (100/4) = 35 \times 25$ см

2) Мұқаба форматы: 35×25 см

Форматы 70×100 см бір табактан қанша мұқаба шығатынын анықтайық.

$70/35 = 2$; $100/25 = 4$; $2 \times 4 = 8$ мұқаба.

$3000/8 = 375$ табак мұқабалық қағаз жұмсалады.

3) Мұқабалық қағаздың шығыны (3) теңдеуде көрсетілген:

$$Q = a \cdot b \cdot g \cdot V \cdot T \cdot A \cdot M \cdot K / 8, \quad (3)$$

мұндағы Q – қағаз саны, кг;

а және в – қағаз парағының өлшемдері;
 q – қағаз салмағы 1 м²;
 V – басылымның физикалық баспа табақ көлемі;
 К – қағаз шығынының коэффициенті, (4,7%).

Шешуі: $Q = 0,7 \times 0,9 \times 120 \times 1 \times 30 \times 12 \times 3000 / 8 = 11340$ кг

$11340 \times 4,5\% = 510$; $11340 + 510 = 11850$

1 кг қағаздың бағасы – 380 тг; 11850 мың тг $\times 380$ тг = **4503 мың тг**

Журнал IV. Басылымның форматы, см: $70 \times 100_{1/16}$; баспа табақ көлемі: $V = 1$ ф.б.т; таралым: $T = 4000$ дана; атау саны: $A = 15$; мерзімділігі: 12; мұқаба қалыңдығы: $g = 120$ г/м².

1) Басылым форматын анықтаймыз:

$(70/2) \times (100/4) = 35 \times 25$ см

2) Мұқаба форматы: 35×25 см

Форматы 70×100 см бір табактан қанша мұқаба шығатынын анықтайық.

$70/35 = 2$; $100/25 = 4$; $2 \times 4 = 8$ мұқаба.

$4000/8 = 500$ табак мұқабалық қағаз жұмсалады.

3) Мұқабалық қағаздың шығыны (4) кестеде көрсетілген:

$$Q = a \cdot b \cdot g \cdot V \cdot T \cdot A \cdot M \cdot K / 8, \quad (4)$$

мұндағы Q – қағаз саны, кг;

а және в – қағаз парағының өлшемдері;

q – қағаз салмағы 1 м²;

V – басылымның физикалық баспа табақ көлемі;

К – қағаз шығынының коэффициенті, (4,5%).

Шешуі: $Q = 0,7 \times 1 \times 120 \times 1 \times 15 \times 12 \times 4000 / 8 = 7560$ кг

$7560 \times 4,5\% = 355$; $7560 + 355 = 7921$

1 кг қағаздың бағасы – 380 тг; 7921 мың тг $\times 380$ тг = 3010 мың тг

Мұқабалық қағаз қажеттігі: 2370 кг + 7921 кг + 11860 кг + 7921 кг = 30072 кг ≈ 30 т.

Жалпы саны : $900,6$ мың тг + 3010 мың тг + 4503 мың тг + 3010 мың тг = 11424 мың тг мұқаба шығыны кетеді.

Басылымның қағаз шығынын анықтау

Журнал I. Екі жағынан басылатын таралымның қағаз санын есептеу (5) теңдеуде көрсетілген:

$$Q = a \cdot b \cdot g \cdot V \cdot T \cdot A \cdot M \cdot K / 2, \quad (5)$$

мұндағы Q – қағаз саны, кг;

а және в – қағаз парағының өлшемдері;

q – қағаз салмағы 1 м²;

V – басылымның физикалық баспа табақ көлемі;

K – қағаз шығынының коэффициенті, (4,5%).

Басылымның форматы, см: $60 \times 84^{1/8}$

Баспа табақ көлемі: V = 16 ф.б.т

Таралым: T = 5000 дана

Атау саны: A = 10

Мерзімділігі: 6

Қағаз қалыңдығы: $g = 80 \text{ г/м}^2$.

Қағаз шығынын анықтау:

Шешуі: $Q = 0,6 \times 0,84 \times 80 \times 16 \times 10 \times 6 \times 5000 / 2 = 96768 \text{ кг}$

$96768 \times 4,5\% = 4355$; $96768 + 4355 = 101124 \text{ кг}$

1 кг қағаздың бағасы – 450 тг; $101124 \text{ мың тг} \times 450 \text{ тг} = \mathbf{45506 \text{ мың тг}}$

Журнал II. Екі жағынан басылатын таралымның қағаз санын есептеу (6)
теңдеуде көрсетілген:

$$Q = a \cdot b \cdot g \cdot V \cdot T \cdot A \cdot M \cdot K / 2, \quad (6)$$

мұндағы Q – қағаз саны, кг;

a және b – қағаз парағының өлшемдері;

q – қағаз салмағы 1 м^2 ;

V – басылымның физикалық баспа табақ көлемі;

K – қағаз шығынының коэффициенті, (4,5%).

Басылымның форматы, см: $60 \times 90^{1/8}$; баспа табақ көлемі: V = 18 ф.б.т;
таралым: T = 8000 дана; атау саны: A = 18; мерзімділігі: 6; қағаз қалыңдығы: $g = 80 \text{ г/м}^2$.

Қағаз шығынын анықтау:

Шешуі: $Q = 0,6 \times 0,9 \times 80 \times 18 \times 18 \times 6 \times 8000 / 2 = 335923 \text{ кг}$

$335923 \times 4,5\% = 15117$; $335923 + 15117 = 351040 \text{ кг}$

1 кг қағаздың бағасы – 450 тг; $351040 \text{ мың тг} \times 450 \text{ тг} = \mathbf{157968 \text{ мың тг}}$

Журнал III. Екі жағынан басылатын таралымның қағаз санын есептеу (7)
теңдеуде көрсетілген:

$$Q = a \cdot b \cdot g \cdot V \cdot T \cdot A \cdot M \cdot K / 2, \quad (7)$$

мұндағы Q – қағаз саны, кг;

a және b – қағаз парағының өлшемдері;

q – қағаз салмағы 1 м^2 ;

V – басылымның физикалық баспа табақ көлемі;

K – қағаз шығынының коэффициенті, (4,5%).

Басылымның форматы, см: $70 \times 90_{/16}$

Баспа табақ көлемі: V = 4 ф.б.т

Таралым: T = 3000 дана

Атау саны: A = 30

Мерзімділігі: 12

Қағаз қалыңдығы: $g = 70 \text{ г/м}^2$.

Қағаз шығынының анықтау:

Шешуі: $Q = 0,7 \times 0,9 \times 70 \times 4 \times 30 \times 12 \times 3000 / 2 = 105840 \text{ кг}$

$105840 \times 4,5\% = 4763$; $105840 + 4763 = 110603 \text{ кг}$

1 кг қағаздың бағасы – 450 тг; $110603 \text{ мың тг} \times 450 \text{ тг} = \mathbf{49771 \text{ мың тг}}$

Журнал IV. Екі жағынан басылатын таралымның қағаз санын есептеу (8)
теңдеуде көрсетілген:

$$Q = a \cdot b \cdot g \cdot V \cdot T \cdot A \cdot M \cdot K / 2, \quad (8)$$

мұндағы Q – қағаз саны, кг;

a және b – қағаз парағының өлшемдері;

g – қағаз салмағы 1 м^2 ;

V – басылымның физикалық баспа табақ көлемі;

K – қағаз шығынының коэффициенті, (4,5%).

Басылымның форматы, см: $70 \times 100_{1/16}$; баспа табақ көлемі: $V = 8 \text{ ф.б.т.}$;
таралым: $T = 4000$ дана; атау саны: $A = 15$; мерзімділігі: 12; қағаз қалыңдығы: $g = 60 \text{ г/м}^2$.

Қағаз шығынының анықтау:

Шешуі: $Q = 0,7 \times 1 \times 60 \times 8 \times 15 \times 12 \times 4000 / 2 = 120960 \text{ кг}$

$120960 \times 4,5\% = 5685$; $120960 + 5685 = 126645 \text{ кг}$

1 кг қағаздың бағасы – 450 тг; $126645 \text{ мың тг} \times 450 \text{ тг} = 56990 \text{ мың тг}$

Басылым қағазының қажеттілігі: $101124 + 351040 + 110603 + 126645 = 689412 \text{ кг} \approx 690 \text{ тг}$

Жалпы саны $45506 \text{ мың тг} + 157968 \text{ мың тг} + 49771 \text{ мың тг} + 56990 \text{ мың тг} = 310235 \text{ мың тг}$ қағаз шығыны кетеді.

Қажетті бояу көлемін есептеу 4-кестеде көрсетілген.

4 Кесте – Қажетті бояу көлемін есептеу

Басылымның аты	Журнал №1	Журнал №2	Журнал №3	Журнал №4
Басылым форматы, см	60×84	60×90	70×90	70×100
Жылдық бояу өткізу саны, 1000 таңбада	19,2	62,2	17,28	23
Есеп бірлігі, см ²	1000	1000	1000	1000
Бояулығы	4+4	4+4	4+4	4+4
Есеп бірлігінің жалпы саны	19,2	62,2	17,28	23
Бір есеп бірлікке жұмсалатын бояу нормасы	0,060 0,125 0,072 0,078	0,060 0,125 0,072 0,078	0,060 0,125 0,072 0,078	0,060 0,125 0,072 0,078

4 кестенің жалғасы

Басылымның аты	Журнал №1	Журнал №2	Журнал №3	Журнал №4
Өнімді басуға кеткен бояудың саны, кг	2	3,7	1	3
	2,4	7,8	2	2
	1,4	4,5	1,2	2
	1,5	4,9	1,5	1
	7,3	21	6	8
Барлығы:				42,3

1 кг бояудың бағасы – 3 мың тг

42,3 кг × 3 000 тг = 127 000 мың тг

Жалпы саны 127 000 мың тг

Басу цехынің материалдар шығыны

1.4.6 Басылымның жылдық жүктемесі: 310235 мың тг + 127 мың тг = 437 135 мың тг.

Басылымның жылдық жүктемесі 5-кестеде көрсетілген.

5 Кесте – Басылымның жылдық жүктемесі

Басылымның атауы	Атау саны	Табақтың өлшемі мен бөлшегі	Мерзімділігі	Көлемі, ф.б.т	Таралымы мың дана	Бояулығы	Жылдық саны			
							Басылым табақ таңбада, мың		Бояу таңбада, мың	
	Санды көрсеткіш	Тех. көрсеткіш	Санды көрсеткіш	Тех. көрсеткіш	Санды көрсеткіш	Тех. көрсеткіш	Физикалық	Келтірілген	Физикалық	Келтірілген
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Журнал №1	10	60×84/8	6	16	5,0	4+4	4800	4320	1920	1728
Мұқаба №1	10	30×21/4	6	1	1,25	4+4	75	9	300	36
Журнал №2	18	60×90/8	6	18	8,0	4+4	15552	1552	6220	6220
Мұқаба №2	18	30×22,5/4	6	1	2,0	4+4	216	216	864	864
Журнал №3	30	70×90/16	12	4	3,0	4+4	4320	5616	1728	2246
Мұқаба №3	30	17,5×25/8	12	1	0,375	4+4	135	11	540	43
Журнал №4	15	70×100/16	12	8	4,0	4+4	5760	6912	2304	2764
Мұқаба №4	15	17,5×25/8	12	1	0,5	4+4	90	108	360	432
							31164			

5-кестенің жалғасы

Табак өнімінің саны. Бояу/өтімі, мың таңбада		Машинаның орташа сағаттық өндірілуі таңба/сағ	Басуға кететін машина уақыты		Жылдық форма саны	Приладқаға кететін тегістеу саны		Тегістеуге кететін норма уақыты, сағ	Жалпы тегістеуге кететін уақыт саны, сағ		Жалпы тегістеуге және басуға кететін уақыт	
біреуі	барлығы		бір атауға	барлығы		бір атауға	барлығы		бір атауға	барлығы	бір атауға	барлығы
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24
320	19200	12	27	1600	3840	64	3840	0,33	21	1267	48	2867
5	300	12	0,4	25	240	4	240	0,33	1,3	79	1,7	104
576	62208	12	48	5184	7776	72	7776	0,33	24	2566	72	7750
8	864	12	0,7	45	432	4	432	0,33	1,3	143	2	188
48	17280	12	11	192	5760	16	5760	0,33	5,3	1901	16,3	2093
1,5	540	12	0,2	30	1440	4	1440	0,33	1,3	475	1,5	32
128	23040	12	3	40	5760	32	5760	0,33	11	1901	14	54
2	360	12	0,04	0,6	720	4	720	0,33	1,3	238	1,3	239
											1332	7

Басу цехының жабдық санының есебі 6-кестеде көрсетілген.

6 Кесте – Басу цехының жабдық санының есебі

Жабдық маркасы	Ауысым саны	Жабдық уақыты-ның жылдық уақыты, $F_{\text{жаб}}$	Өндіру уақыт норма-сы, мың таңбада, n	Жылдық басу табағының саны, мың таңбада, N	Жабдықтың есептелген саны	Жабдықтың қабылданған саны
KBA Rapida 105-4+L	1	1992	12	13327	0,6	1
Ideal 5221-05 EP DIGICUT бір пышақты кесу машинасы	1	1992	10000	15582	0,8	1
Барлығы:						1

Басу цехының жұмысшылар санын анықтау 7-кестеде көрсетілген.

7 Кесте – Басу цехының жұмысшылар санын анықтау

Мамандығы	Разряд	Ауысым саны	Жабдықтың саны	Жабдықтың жылдық уақыт қоры, сағ	Жұмысшының пайдалы уақыт қоры, сағ	Жұмысшының есептелген саны	Қабылданған саны
Баспагер	6	1	1	1992	2120	1	1
Баспагердің көмекшісі	4	1	1	1992	2120	1	1
Кесуші операторы	5	1	1	1992	2120	1	1
Тазалаушы						1	1
Барлығы							5

Басу цехының жабдықтар тізімі 8-кестеде көрсетілген.

8 Кесте – Басу цехының жабдықтар тізімі

Жабдықтың аты	Саны	Габариттік өлшемдері, м	Алатын орны, м ²		Бағасы, мың тг	
			біреуі	барлығы	біреуі	барлығы
КВА Rapida 105-4+L	1	10×4	40	40	135000	135000
Басушының столы	1	0,7×1,2	0,84	0,84	25	25
Ideal 5221-05 EP DIGICUT бір пышақты кесу машинасы	1	5,4 × 2,3	26	26	15000	15000
Материалдар шкафы	2	2×1,3	2,6	5,2	40	80
Жағатын және сүртетін материалдарды сақтайтын шкаф	2	2×1,5	3	6	40	80
Қағаздар поддондары	8	1,4×1,3	1,82	14,56	18	144
Қабылдау столы	4	1,1×0,7	0,77	3,08	20	80
Барлығы:				95,68		150409

Басу цехының өндірістік ауданын есептеу

Жабдықтың алатын ауданы: $S = 95,68 \text{ м}^2$

Басу цехының ауданын табу үшін келтіру коэффициенті – 4

$$S = 95,68 \times 4 = 383 \text{ м}^2$$

Қабырға қалыңдығына, қызмет көрсету бөлмелеріне 25% алады

$$383 \times 0,25 = 96 \text{ м}^2$$

Басу цехының жалпы ауданы:

$$S = 383 + 96 = 479 \text{ м}^2$$

1 м² бағасы – 225 мың тг ; 479 × 250 мың тг = 119750 мың тг.

Жалпы бағадан ғимаратты жөндеуге бөлінеді – 3%

119750 мың тг × 0,03 = 3593 мың тг

Жалпы шығын: 119750 мың тг + 3593 мың тг = 123343 мың тг

20% монтажға және тасымалдау үшін жабдықтың бағасынан

Жабдықтардың бағасы: 150409 × 0,20 = 30082 мың тг

(150409 мың тг + 30082 мың тг) × 0,15 = 27074 мың тг

180491 мың тг + 27074 мың тг = 207565 мың тг

Амортизациялық есептеу, 12%

Амортизациялық есептеу (9) теңдеуде көрсетілген.

$$C_a = K_{\text{жабд}} \cdot P / 100\% \quad (9)$$

$$C_a = 207565 \text{ мың тг} \times 12 / 100\% = 24908 \text{ мың тг}$$

Басу цехының жабдықтар қуатын есептеу

Жалпы цехтың жабдықтар қуатының есептеулері 9-кестеде көрсетілген.

9 Кесте – Басу цехының жабдықтар қуаты есептелген

Жабдықтың маркасы	Саны	Қуаты кВт	
		біреу	барлығы
KBA Rapida 105-4+L	1	98	98
Ideal 5221-05 EP DIGICUT	1	4	4
Барлығы:			102

Басу цехының энергия шығынын анықтау

Басу цехының энергия шығынын анықтау (10) теңдеуде көрсетілген.

$$S_3 = U \cdot \Pi \cdot F_{\text{об}} \cdot Ц \quad (10)$$

$$S_3 = 102 \times 0,9 \times 1992 \times 18 = 3292 \text{ мың тг,}$$

мұндағы S_3 – электр энергиясының шығыны;

U – жабдықтың қуаттылығы, кВт;

Π – жабдық қуатының жоғалту коэффициенті (0,8-0,9);

$Ц_3$ – 1 кВт/сағ электр энергиясының бағасы – 18 кВт/сағ.

Басу цехының жарықтандыру энергиясын анықтау

1 м² ауданға 8 Вт күндізгі жарық шамы қолданылады, сонда U = берілген цех ауданы × 0,08 кВт. Басу цехының жарықтандыру энергиясын анықтау (11) формулада көрсетілген.

$$U_1 = U \cdot T_2 \cdot K_q / K_y \cdot K_d \quad (11)$$

$$U \times 0,08 = 479 \times 0,08 = 40 \text{ кВт}$$

мұндағы U₁ – барлық шамдардың орнатылған қуаты, кВт;

T_q – шамдардың жану сағатының саны (1000);

K_q – уақытша жану коэффициенті (0,8);

K_y – трансформаторлар мен желілердің ПЭК-і (0,94);

K_d – жарықтану коэффициенті (1);

$$U_1 = 40 \times 1000 \times 0,8 / 0,94 \times 1 = 34043 \text{ кВт}$$

Басу цехының жарық энергиясы:

Басу цехының жарық энергиясы (12) теңдеу арқылы анықталады.

$$S_{ж.э.} = U_1 \cdot 18 \text{ кВт/сағ} \quad (12)$$

$$S_{ж.э.} = 34043 \times 18 = 612\,766 \text{ тг}$$

Басу цехі бойынша шығындар: 127000 мың тг. + 207565 мың тг. + 123343 мың + 3292 мың тг. + 613 мың тг. = 461 813 мың тг.

Басу цехы бойынша шығындар тізімі

Басу цехының техника-экономикалық көрсеткіштері 10-кестеде көрсетілген.

10 Кесте – Басу цехының техника-экономикалық көрсеткіштері


Аталуы	Мәні
Жалпы (пайдалы) басуға дейінгі цехтың ауданы, м ²	479
Жұмыс ауданы, м ²	383
Негізгі жабдықтың саны	2
Күрделі қаржы, мың тг	461 813
Олардың арасындағы жабдыққа кеткен күрделі қаржы, мың тг	207 565
Айлық айналма қаржы, мың тг	38484
Жылғы өнімнің көлемі, форма	31164
Негізгі жұмысшылар саны, адам	3
Бір бұйымның өз құны, тг	15

1.5 Басудан кейінгі цех

1.5.1 Басудан кейінгі цехтың технологиялық сұлбасы

Басудан кейінгі цехта басылымды даярлаудың технологиялық сұлбасы 3,4 - суреттерде көрсетілген.

3, 4 типті мұқабалы басылымды дайындаудың технологиялық сұлбасы



3 Сурет – Басудан кейінгі цехта басылымды даярлаудың технологиялық сұлбасы

1, 2 типті мұқабалы басылымды дайындаудың технологиялық сұлбасы



4 Сурет – Басудан кейінгі цехта басылымды даярлаудың технологиялық сұлбасы

1.5.2 Жобаланатын технологиялық процесті таңдау және жобалау

Екшелеу. Қағазды екшелеу – қағаз парағы басу процесінде алдыңғы және бүйір тұстарынан тіреуге қойылатын бумадағы қағаздарды өзара перпендикуляр жағынан теңестіру. Басылған парақтарды екшелеу оларды дәл кесу және кейіннен бүктемелеу үшін қажет, есептеу және кесер алдында таза қағаз парақтары да итеріледі.

Кесу. Кесу дегеніміз – өңдеу процесінде материалдарды механикалық бөлу, ажырату. Кесу терминінің екі мағынасы бар: разрезка; подрезка.

Разрезка дегеніміз – қағаз табағында орналасқан жартылай өнімдерді бөлікке кесу.

Подрезка дегеніміз – берілген форматқа сәйкес қағаз табағын келтіру. Жобада таңба басылған табақтарды ортасынан кесіп, кеесі процеске бүктемелеуге даярлайды[6].

Бүктемелеу. Бүктемелеу – басылып шыққан парақ беттерін дұрыс орналастырып, оларды көп беттік дәптерлерге айналдыру процесі. Бұл журнал өнімі перпендикуляр бүктелген. Перпендикуляр бүктемелеуде әрбір келесі бүгілім алдыңғы бүгілімге перпендикуляр болып орналасады. Бүгілім саны бойынша бүктемелеу 1,2,3 және 4 бүктелген болып бөлінеді. Бір бүктелген – 4 бет, екі бүктелген – 8 бет, үш бүктелген – 16 бет, төрт бүктелген – 32 бет.

Жинақтау-тігу-кесу жабдығында процесті орындау.

Блокты жинақтау. Жинақтау деп – бүктелген дәптерлер мен қосымша элементтерді белгілі ретпен жинауды айтады. Алынған журнал өнімінде, бірінің ішіне бірін кигізіп жинақтау әдісі қолданылады. Вкладкамен жинақтау – көлемі 80 бетке дейінгі, қалыңдығы 4-5 мм-ден аспайтын блоктар жинақталады. ол ЖТКА –да орындалады. Онда бір жұмыс циклында жинақтап, сыммен внакидку тігіп, үш жағынан кесіп береді.

Блок пен мұқабаны біріктіру. Блоктарға мұқаба кигізу процесі блок өңдеумен қатар жүреді. Ол түптік материалды пішуден басталады (картон, жамылғы материал). Мұқабаның №1 типі – внакидку тігілетін блок үшін қолданылады. Ол бір-біріне кигізіп жинақталған блоктар үшін қарастырылған. Мұқабаның жиектері жоқ, бұрыштары түзу. Блокпен бірге внакидку тігіледі. Мұқаба үшін қарапайым А маркалы массасы 120 г/м² болатын басу қағазын және пленка престелген қағазды қолдануға болады[6].

Блокты сыммен тігу. Өнімді тігу үшін сыммен внакидку тігу әдісін пайдаланылды. Сыммен бірден блокты тігу (внакидку) – әдісі қағаздың қалыңдығы 100 мкм-ге (0,1 мм) дейінгі, 80 бетке дейінгі, егерде қағазы жұқа болса 150 бетке дейін, жұмсақ мұқабамен қапталған басылымдарды сыммен бірден тігіп, сым басылымның ішіне қарай бүгіліп бекітіледі. Жобада сыммен бекітілетін өнімдер 64 пен 128 беттен құралады.

Блок түбін желіммен бекіту. Желіммен бекіту әдісі – көлемі 80-320 беттерден тұратын жиі қолданылатын, қолдану мерзімі 1 жылға дейінгі және жиналып қолданылатын жағдайда қолдану мерзімі 4 жылға дейінгі басылымдарда қолданылады. Жобада екі журна өнімінде желіммен бекіту әдісі қарастырылған. Бұл әдісте, ПВАД және жылуға балқитын желімдері қолданылады.

Блок түбін кептіру. Кептіру дегеніміз – желімдік қабаттан артық қабатты жою. Кептіру әртүрлі желімдік ертінділер қолданылатын операциялардан кейін орындалады. Кітап блоктарының түптерін желімдегеннен кейін кептіру ИК сәулесімен жүргізіледі.

Блок түбін кептіргеннен кейін қысу. Блок түбін желімдегеннен кейін қағаз талшықтары ісініп, бірнеше деформацияланады. Ал кептіру процессінен кейін блоктар бос қалыпта болады және дәптердің түптік фальцтары қопсыланады. Сондықтан блок түбін қалыпты жағдайға келтіру үшін оларды кеп-

тіргеннен кейін қысу керек. Бұл операцияны да блок түбін өңдеуге арнайы станогтарда орындалады.

Блоктарға мұқаба кигізу. Блоктарға мұқаба кигізу процесі блок өңдеумен қатар жүреді. Ол қатырманы пішуден басталады. Қатырма қаптама өлшемдеріне қарай кесілуге жататын табақтар түріне жеткізіліп беріледі. Мұндайда қатырманы қуыс бағыты блоктың биіктігіне сәйкес келуіне назар аудару қажет, өйткені бұл қаптаманың сапасының жоғары болуын қамтамасыз етеді. Қатырма табақтары қатырма кескіш машиналардың дискілі пышақтарымен кесіледі. Қазіргі қатырма кесу құралдары автоматтық өздігінен бергішпен, бұрыш астында орналасқан екі дискілі пышақ торабымен және автоматты шығарумен жабдықталынған. Көлденең кесуі жапқыш түрінде құрастырылған қатырма кесуші машиналарда ұсынылады.

Өнімді үш жағынан кесу. Өнімді сыммен тігіп болғаннан кейін оны үш жағынан кеседі. Үш жағынан кесу өнімді қолдануды ыңғайлы ету үшін, бүктеу кезінде пайда болатын тегіс емес жақтарын кесу үшін қажет. Кесу бір пышақты және арнайы үш жақты кесу машиналарында жүргізілуі мүмкін. Үш жағынан кесілген блоктардың форматы сәйкес келуі керек. Блок кесудің нормалары: блоктың ені бойынша – 5мм (алдыңғы жағы), биіктігі бойынша – 10 мм (төменгі және жоғарғы жағы). Үш жағынан кітап, журнал, брошюра өнімдері кесіледі.

Дайын өнімді орап буу. Даяр басылыстарды орамдау оларды кітап-журнал саудасы және басқа да ұйымдарға тасымалдау кездерінде бүлінуден сақтау үшін қажет. Жинақталынған буманы орамдау қағазына орап, жабысқақ таспамен желімдейді немесе жіппен, полимер таспамен матап байлайды. Бумаларды қағазға орау және матап-байлау үшін автоматтандырылу дәрежелері әртүрлі операциялық агрегатталынған машиналарды пайдалану басталады[6].

1.5.3 Негізгі жабдықтарды таңдау

Бүктемелеу машинасы. AFC-744 АКТ Horizon бүктемелеу құрылғысы парақтарды көлденең параллельді бүктемелеуге арналған. Horizon Cross folder AFC-744 АКТ бүктемелеу машинасының техника-лық сипаттамасы 11-кестеде көрсетілген [7].

11 Кесте – Horizon Cross folder AFC-744 АКТ бүктемелеу машинасы-ның техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамасы	Көрсеткіштері
Қағаздың макс./ мин. форматы, мм	740×1100/210×210
Бүгілім саны	4 параллельді, 1 қиылысқан және 2 кассеталы
Самонаклад түрі	Жазықтапелді пневматикалық
Қолданылатын қағаздардың диопозоны, г/м ²	35-220
Бүгілім ұзындығы, мм	30
Габариті, мм	5160×1640×1620 немесе 3880×2920×1620
Қуаты, кВт	3,8
Өнімділігі	Сағатына 43000, А4 формат

MORGANA Major Folder фальцминиатюра бүктемелеу машинасы. Электроника арқылы басқарылатын машинаның қызметі қатесіз ақпаратты алуға мүмкіндік береді[6]. *MORGANA Major Folder* фальцминиатюра бүктемелеу машинасының техникалық сипаттамасы 12-кестеде көрсетілген.

12 Кесте – *MORGANA Major Folder* фальцминиатюра бүктемелеу машинасының техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамасы	Көрсеткіштері
максималды/минималды форматы, мм	648×365/148×140
Қағаз қалыңдығы, г/м ²	56-240
Өнімділігі	27500
Габариттік өлшемдер, мм	771 ×485

D NH-80 қысу пресі. Блоктар мен кітап бумаларын қысуға арналған пресс бұл электр қозғалтқыш жетегімен және қысуды қадағалап жұмыс істейтін винтті пресс[7]. *D NH-80* қысу пресінің техникалық сипаттамасы 13-кестеде берілген.

13 Кесте – *D NH-80* қысу пресінің техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамасы	Көрсеткіштері
Өнімділігі, блок/сағ	24000
Максималды /Минималды форматы, мм	510×320/100×90
Қуаты, кВт	0,5
Габариттік өлшемдер, м	1,13×0,98

Horizon Stitchliner 5500 жинақтау-тігу-кесу машинасы. Бұл машинада вертикалды қағаз жинақтау және горизонтальды жинақтау-тігу-кесу агрегаттары біріккен.

VAC – 100 вертикалды парақ жинақтау машинасы. *VAC – 100* жинақтау машинасында жинақтау мұнарасының саны 6-ға дейін болады және ол бір уақытта 60 параққа дейін жинай алады.

ACF – 30 модулі. *ACF – 30* модулінің қызметі: парақтарды түзетіп жинақтау, олардың дәл ортасына дискті пышақ арқылы биговка жүргізу, воронкалы құрылғыда оларды бүктемелеу және роликті механизммен пайда болатын дәптерлердің түбін қысу.

SPF – 30 сыммен тігу модулі. *Stitchliner* комплексінің келесі модулі қалыңдығы 10 мм болатын журналдар мен брошюраларды сыммен тігуге арналған.

HTS – 30 үш пышақты кесу машинасы. Комплексінің соңғы модулі *HTS – 30* үш пышақты кесу машинасы. *HTS – 30* үшпышақты кесу автоматы өнімді екі позицияда бір-бірден кеседі: алдымен бірінші пышақпен алдын, сосын екі жағындағы пышақпен брошюраның үстіңгі жағы мен алдыңғы жағын кеседі. Егер тігілген дәптерлер қосарланған болса, онда екі жағындағы пышақтардың орта-

сына тағы да қосымша пышақ орнатылады да, қосарланған дәптерлерді екіге бөледі[7]. Horizon Stitchliner 5500 машинасының техникалық сипаттамасы 14-кес-теде көрсетілген.

14 Кесте – Horizon Stitchliner 5500 машинасының техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамасы	Көрсеткіштері
Қағаз форматы, мм (макс/мин)	148×210/350×500
Дайын брошюра форматы, мм	120×853/50×260
Блок қалыңдығы, мм	5
Қағаз қалыңдығы, г/м ²	60-210
Габариті, мм	3910×3260×1600
Максималды жылдамдығы	Сағатына 5500 цикл
Қуаты, кВт	1,4...1,9

Muller Martini Panda ағынды желісі. Бұл желіде тікпей желіммен бекіту әдісі арқылы блок дәптерлерін жинақтап түптерін бекітіп, үш жағынан кесіп, алдын ала дайындалған мұқабаға желімдеп журнал өнімін даярлайды. Muller Martini Panda ағынды желісінің техникалық сипаттамасы 15 - кестеде көрсетілген.

15 Кесте – Muller Martini Panda ағынды желісінің техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамасы	Көрсеткіштері
Мин/макс формат, мм	A5; 380×220
Габариттік өлшем, мм	1780×720
Өнімділігі, дана/сағ	10000
Қуаты, кВт	0,37

СТ-100 автоматты орап-байлау машинасы. Бұл жабдықта эластикалы полиэтилен негізіндегі лентамен басылым өнімдерді орап бууады. Ораманың өлшемі автоматты түрде орындалады және бір орамаға кететін уақыты 2 сек [7]; СТ-100 автоматты орап-байлау машинасының техникалық сипаттамасы 16-кестеде көрсетілген.

16 Кесте – СТ-100 автоматты орап-байлау машинасының техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттамасы	Көрсеткіштері
Орап-буу өлшемі, мм (макс/мин)	800×1000/160×200
Орап-буу столының тереңдігі, мм	350
Жылдамдығы, басылым/мин	25
Жетек қуаты, кВт	0,37
Габариті, мм	1200×1530×1850

1.5.4 Негізгі материалды таңдау

Поливинилацетатты желім. Поливинилацетатты желім – жоғарытұтқырылықты (ВМС воронкасы бойынша 50% кепкен қалдық және 5-15% дибутилфтолат (пластификатор ретінде) ОСТ 5-05-386-80 бойынша түптеу материалдарын даярлау үшін қолданылады. Ол сүйекті желіммен, NaKMц тұзымен, полиэтиленминмен жақсы қосылады, олар ПВАД қасиеттерін түзетуге және оның қолдану аймағын кеңейту үлкен мәні бар. Тікпей желіммен бекіту, жіппен тігілген кітап блогіне мұқабаны желімдеу үшін, «Ротор-Биндер» жартылай автоматты машинада суперқапты кигізу үшін тұтқырылығы ВМС воронкасы бойынша 40-80с болатын араластырылмаған дисперсия қолданады.

Термопластикалық желім (ТП) – жай температурада қатты, температураны 130°С қыздырғанда жабысқақ сұйық күйде болатын балқымалы полиларлік композиция болып табылады. Терможелім көбінесе кітап блоктарын тікпей желіммен бекіту үшін пайдаланылады.

Сыммен бекіту. Аз көлемді басылымдарды бекіткенде сыммен тігу кең қолданылады. Сымның өзі болаттан жасалған диаметрі 0,53 мм болатын қатты жіңішке материал. Бобиналарда салмағы 2,3 кг, болып келеді [8].

1.5.5 Басудан кейінгі цехтың материалдарын есептеу

Терможелім шығынын анықтау

Журнал I. Форматы 60 × 84/8; T = 5000 дана; V = 8 қағаз табақ; қағаз табағының қалыңдығы 80 мкм; кесуге дейінгі форматы 30 × 21 см

Блоктың қалыңдығы: 80 мкм × 8 қағаз табағы × 8 бөлшек = 5120 мкм = 5,1 мм

Барлық жылдық таралымның түбінің ауданын табайық:

Түптің биіктігі – 30 см; блоктың қалыңдығы – 5,1 мм; 0,3 м × 0,0051 м × 5000 × 25 × 12 = 2295 м²; 1м² ауданға 800 грамм терможелім жұмсалады

2295 м² × 800 г = 1836000 г = 1836 кг

1кг терможелімнің бағасы – 2400 тг; 1836 кг × 2400 = **4406 мың тг**

Жылына жұмсалатын шығын: 10 × 6 × 5000 × 4406 = 1322 мың тг.

